Егер барлық технологиялардың ерекшеліктерін біріктірсек, онда интегралды технология пайда болады.

Интегралды технологияның өкілдерінің бірі жобалық іс-әрекет болып табылады, оның негізіне белгілі мәселені шешуге іріктеліп алынған жоба жатады. Мәселелік-жобалық технологияның мәні белгілі бір мәселелерді шешу және жолдарын іздестіруге балалардың қызығушылықтарын ынталандырудан құрылады. Осыдан біздің көзіміздің жететіні педагогикалық технологиялардың кейбір элементтерінің өзі бір-бірімен сабақтасып жатады екен. Мен өз тәжірибемде инновациялық технологияларды қолданамын. Мысалы қазақ тілі сабағын алатын болсам, қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, баланың ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету болып табылады. Осыған орай ұрпақ тәрбиесін жаңа құндылықтар негізінде жетілдіру қоғам алдында тұрған ауқымды істердің бірі, сол себепті де балаларды мемлекеттік тілде сөйлеуін оқытуды жаңа көзқарастар негізінде талдау – кезек күттірмейтін іс деп білемін.

Ендеше, осы қазақ тілі пәнінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде жаңа технологиялардың элементтерін ұдайы қолдану арқылы біз бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілін жетік меңгеруге деген қызығушылығын арттырып, оқуға деген мотивациясын жоғарылатар едік. Жалпы инновациялық педагогикалық технологиялар баланың жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Баланың жан-жақты дамып, жетілуіне, шығармашылықта жұмыс істеуге бейімделуіне, топта, жұпта жұмыс істей алу қажеттілігіне жетелейтін бірден-бір әдіс.

# Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабағындағы критериалды бағалаудың тиімділігі

Бүгінгі қоғамның көкейкесті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар, оны жүзеге асыруға жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық болмақ. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойлағаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігі және не істей алатындығын анықтау қажет.

Критериалды бағалау – бұл оқушылардың білім мазмұны мен мақсаттарына сай, оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастырда нақты анықталған, ұжыммен қалыптастырылған, алдын-ала оқушылардың барлығына белгілі білім жетістіктерін бағалауға негізделген үдеріс.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты – мектепте оқыту сапасын жоғарылату, мектеп оқушыларының білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру болып табылса, критериалды бағалаудың міндеттері – сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтау, бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті, жеке оқушының даму жетістігін бақылау, оқушының білім алу барысындағы қателіктер мен олқылықтарын айқындау, әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізу, сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Критерий арқылы бағалау мұғалімнің оқушы деңгейін анық біліп отыруына мүмкіндік береді, білім берудің сапасы артады. Критериалды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған. Критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттау, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізу, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтау, әр түрлі жұмыстардан алған бағаларды

(өзіндік жұмыс, күнделікті баға, үй жұмысы) құрылымдық бағалау мен нақтылық бағалаулар арқылы оқушының еңбегін анықтау, оқушының бағалау жүйесіне толық қанағаттануына қол жеткізе аламыз.

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет.

Жалпы қалыптастырушы бағалау сабақ жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабақпен қатар жүретін үрдіс. Қалыптастырушы бағалаудың маңызы – білім беруді, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрін жақсарту, мақсаты – оқытудың қиындықтарын анықтау, оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу, болжау мен сұрыптау, жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс. Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан әрі іс-әрекеттерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру. Жиынтық бағалау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру. Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың ортасында, сабақтың соңғы бөлігінде жүргізіледі. Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін.

Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу – жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізгі қалыптастырушы бағалауда қалады. Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр.

Бағалау критерийі қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабағында мәтінмен жұмыс, диктант, мазмұндама, мәнерлеп оқу, тест, шығармашылық жұмыстарды бағалау кезінде де өте ыңғайлы.

Қорыта келгенде, критериалды бағалау сабақ үстінде жүзеге асып отырады. Алдымен топтық жұмысты бағалауда өте тиімді. Өйткені топ жұмысын критерийлермен бағалау жұмыстың нәтижелілігіне және оқушылардың бір-біріне өзара бағалауы арқылы өз пікірін ортаға салып, өз ойларын еркін жеткізуіне алып келеді. Өз пікірін еркін айту, өзгелердің жұмысына өзіндік бағасын беру өмірге бейімділіктерін арттыра берері сөзсіз.

**Акмарал Омаровна САРСЕНБЕКОВА,**
**Дубовка жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі.**
**Абай ауданы**
**Қарағанды облысы**

# Жасөспірімдерге құқықтық тәрбие берудің маңыздылығы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [1; 4]. Құқықтық тәрбие сан қырлы күрделі процесс, бұл жалпы және арнаулы шаралардың тұтас бір жүйесін қамтиды. Жастарды қоғамдық пайдалы тәртіпке, құқықтық санаға негізделген әлеуметтік белсенділікке жетуін қамтамасыз ету мемлекеттік бағдарламалардың басты мақсаты болуы тиіс. Жастық шақтың басты белгісі – адамның жаны мен тәнінің сапалық, сандық жағынан елеулі өзгерістерге түсуінде. Осы жаста адамның қоғамдық белсенділігі артады, сана-сезімі өседі, психикасы шыңдалып, нығая түседі. Ол қоғамнан өз орнын табуға тырысады, өзін қоршаған ортаға сын көзбен қарай бастайды. Бұл жастағыларда өзін-өзі бағалауға ынталану, рухани өмірге қызығу, қоғам мен жеке бас турасындағы ойлар адамгершілік идеялар кемеліне келе бастайды. Осы кезде мұның өзі адамның күшті, епті, ширақ, оңтайлы болып өсуіне және оның түрлі әдіс-тәсілдерді, арнаулы құқықтық ережелерді бұзбай, кедергілерді жеңіп үйренуімен де тығыз байланысты.

Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуы тиіс. Адамның санасындағы тәрбиелік норманың нығаюы құқықтық сананың орнығуына әкеледі. Бұл жағдайда тәрбие процесс ретінде құрал болса, нәтиже ретінде сана мақсатқа айналады. Құқықтық тәрбие өз алдына жеке тұлғаның бойында құқықтық мәдениетті, құқықтық сананы, құқықтық тәртіпті қалыптастырудағы мақсатты, ұйымдасқан және жүйелі түрдегі әсер ету болып табылады. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы», - деп данышпан әл-Фараби айтып кеткендей, білім берумен тәрбие қатар жүруі тиіс. Соның ішінде, дұрыс құқықтық тәрбие беру қоғамдағы көптеген келеңсіз жағдайлардың алдын алуға, тіпті жоюға септігін тигізер еді. Атап айтар болсақ, өз құқықтарының бұзылуына жол бермеу, қылмыстардың алдын алу, құқықтық нигилизмді жою және т.б.

Құқықтық тәрбие өз алдына жеке тұлғаның бойында құқықтық мәдениетті, құқықтық сананы, құқықтық тәртіпті қалыптастырудағы мақсатты, ұйымдасқан және жүйелі түрдегі әсер ету болып табылады. Құқықтық тәрбие қалай берілуі керек деген сұраққа жауап берместен бұрын «құқықтық тәрбие» ұғымына тоқталып кетсек. Құқықтық тәрбие – бұл мемлекеттің, қоғамдық бірлестік-

тердің, әлеуметтік топтардың, жалпы қоғамның құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен жетілдіру жөніндегі мақсатты бағытталған жүйелі қызметі. Ол құқықтық оқытуға тікелей байланысты. Тәрбиелік оқыту жалпы тұлғаны рухани қалыптастыру үдерісінің бөлігі болып табылады. Құқықтық тәрбиелеу өзектілігі қазақстандық қоғам дамуының қазіргі жағдайымен, проблемаларымен және міндеттерімен анықталады. Құқықтық тәрбие өзіндік мақсаттарға, оларға жету тәсілдерінің ерекшеліктеріне және ұйымдастырушылық формаларына ие. Құқықтық мінез-құлықты, соның ішінде жас азаматтың құқықтық белсенділігін құқықтық тәрбиенің стратегиялық мақсаты деп қарастыруға болады. Құқықтық тәрбиенің мақсаты – тұлғаның бойында құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу. Яғни тікелей мақсат – құқықтық мәдениет деңгейін көтеру және құқықтық нигилизмнің алдын алу болып табылады. Құқықтық тәрбиенің құралдарына құқықтық тәрбие беру мақсатына жету үшін қолданылатын материалдық қайнар көздер жатады. Оларға құқықтық актілер, заң әдебиеттері және т.б. жатқызуға болады. Заңгер ғалымдар Ғ. Сапарғалиев және А. Ибраева өз еңбектерінде: «Тұлғаның құқықтық мәдениеті – құқықты білу, ұғыну (түсіну) және құрметтеуден тұрады. Ал мұның өзі құқықтық ұйғарымдарды жете түсініп барып орындаудан білінеді (көрінеді)» - деп атап көрсеткен [2; 198].

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі болып саналады екен. «Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті жөнінде, әсіресе мыналарды баса көрсетуге болады: біріншіден, кез-келген азамат өзінің құқығын, бостандығы мен міндетін анық түсінуі әрі оны бағамдап, парықтай білуі, екіншіден, осыларды мүмкіндігінше, іс жүзінде, өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы тиіс» [2; 191].

Осыған орай елбасы өз сөзінде «Қазақстанның өркендеуі, гүлденуі, дүниежүзінде алдыңғы қатарлы мемлекет санатында көрінуі үшін құқықтық сауаттылықты, тәрбиені, сананы жетілдіру қажеттілігі туралы» айтып өткен болатын. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуы тиіс. Құқықтық тәрбие беруде ең алдымен мына жағдайларды ескерген жөн: Құқықтық тәрбие негізі отбасынан басталады. Оқушылардың тәртіп бұзуының бір жағы отбасындағы тәрбиенің ақсауында жатыр. Бізде отбасы әр қилы: маскүнемдікпен күн өткізетін, ұрыс-керістен көз ашпайтын, басқалардың, мемлекеттің есебінен арам жолға барып қалғысы келетін отбасылар бар. Осындай отбасында өскен баланың оқуға, еңбекке қалай қарайтыны өз-өзінен түсінікті емес пе? Мұндай отбасында тәрбиеленген бала өзімшіл болады, қыл-

мыс жасауға бір табан жақын тұрады [3, 163].

Жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу – олардың қылмысқа ұрынбауына, өздігінен өмірдегі мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауына, келеңсіз, жағымсыз жағдайлардан тартынуына, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануларына жәрдемдеседі. Құқықтық тәрбиені ұстаздар қауымы ата-аналармен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, салауаттылық және денсаулық сақтау мекемелерімен, спорттық ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, тәрбиенің өзге түрлерімен байланыстырып жүйелі жүргізер болса, нәтижелі болмақ. Құқықтық мәселелерді сөз ету, оны тыңдаушысына жеткізіп бере білу аса қиын өнер. Бұған тек қана білімді болу жеткіліксіз, сонымен бірге тәжірибелі, көпті көрген, адамдардың жүрегіне барар кілтті таба білер тәрбиеші болу маңызды. Оқушылардың мектептегі өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершілігі, дүниетанымы, сенімдері, ұжымшылдығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға талап қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстамдылығы, жігерлілігі мен батылдығы қалыптасады. Бұлардың мазмұнына мемлекет заңдары және қоғамда өмір сүру ерекшеліктерін құрметтеу, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзімсіздік, қоғамдық тәртіпті сақтау да енеді. Мемлекет және қоғам өмірінің құқықтық негізін бекіту процесі төмендегідей маңызды шараларды жүзеге асыруды қажет етеді:

– заңнамаларды үздіксіз жетілдіру;

– заңның орындалуын қадағалау;

– қоғамдық тәртіп орнатуға әрбір азаматтың қатынасуы.

Бұдан заңдылық пен құқықтық тәртіптің бекітілуіне қамқорлық тікелей мемлекет мойынында болу қажеттігі шығады. Жалпы заман талабына сай келетін құқықтық сауаттылықты, құқықтық білім мен құқықтық сана-сезім мемлекетіміздің өркендеуінің құқықтық мемлекетті орнықтырудың алғы шарты екендігін әрбір азамат білуі тиіс.

**Әдебиет тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана: Елорда, 2014. – 56 б.

2. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 336 б.

3. Искакова, Г.Қ. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы: оқу құралы кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарына ұсынады / Г.Қ. Искакова, Н.С. Ғазизова, А.Б. Сембаева. – Астана: Фолиант, 2008. – 296 б.

**Куралай Кенжебековна КЕЛИМБАЕВА,**
**Сейдахмет Бердіқұлов атындағы орта мектептің құқық пәні мұғалімі.**
**Ұзынағаш ауылы, Жамбыл ауданы, Алматы облысы.**

# Тарих пәнін оқытудың заманауи талаптары

Оқушылар тек өздігінен жаңа білім алып қана қоймай, алдағы уақытта да жаңа міндеттерді шешу ісінде өз білімдерін қолдана алатындай оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын заманауи талаптар бар. Мұғалімнің басты мақсаты – оқушылар әрекетіне бастама болатын жағдайларды ұйымдастыру.

Біздің заманның мұғалімі – ол оқушы қызметіне ізденістік, зерттеушілік бағыт беретін модератор. Оқытудағы дәл осы проблемалық-қызметтік тәсіл, бүгінгі күн тәртібінде мұғалім алдында тұрған міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

Өмір біздерден қоғам сұраныстары мен талаптарына жедел бейімделе білу қабілетін талап етеді. Заманауи мұғалімнің негізгі міндеті пәнге деген, әрбір тақырыпқа деген қызығушылығы, оқушылар еркіне берілген, ізденістік шешімді қажет ететін проблемаларды ортаға тастау. Әрине, проблеманың шешімін табу үшін оқушылар қолда бар ресурстардың барлығын, интернет, анықтамалар мен энциклопедияларды ақтара бастайды.

Олардың орындалуы біздерден әрбір оқушымен күрделі жұмыстар мен шығармашылық амалдарды талап ететін жаңа буынның стандарты, пәндерді оқытудағы түбегейлі жаңа тәсілдерді алға тартады.

Проблемалық оқыту дегеніміз – білім беру процесіндегі білім алушылардың дамыту жүйесі, оның негізіне проблемаларды шешу ісіне оқушылардың белсене қатысуы мен оқытудағы оқу проблемаларын пайдалану жатады. Оқу проблемасының астары ретінде шешімін дайын үлгіде алуға болмайтын сауалды, тапсырманы немесе міндетті атаймыз. Оқушыдан өздігінше тұрмыс пен мінсіздіктің танылуы талап етіледі. Өткен мен бүгіннің репродиктивтік қабылдаулары емес, оқушылардың жоғары мотивациясын қамтамасыз ететін зат ол – проблемалық оқыту тәсілін қолдану барысында сана сүзгісінен өткізу мүмкіндігі бар, өзімен ашылған фактілер, оқиғалар арқылы жеке азаматтық позициясының өндірімі.

Білім беру ісіндегі жүйелік-қызметтік тәсіл өз ішіне бірқатар білім беру технологияларын, мұғалімнің ізденуі мен шығармашылығы мүмкіндіктерін беретін әдістер мен тәсілдерді қосады. Аталған тәсіл жоғары нәтижелерде жұмыс істеуге, оқушылардың әмбебап оқу қызметтерін қалыптастыруға, ізінше, олардың білім алуын жалғастырып, үнемі өзгеріп жатқан жағдайлардағы өмірге баулуға дайындайды.

Тарих пәнін оқытуда келесі технологиялардың жүзеге асуын қамтамасыз ету қажет:

Әрдеңгейлік оқыту – әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін ескерумен оқу процесін құру мүмкіндігі;

Зерттеу тәсілдері – оқушылардың өздігінен проблемаларды зерттеуіне, зейінін кеңейтуге, дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік беру;

Ойын технологиялары – танымдық қызметті дамытады, жеке тәжірибелік қызметтерге қажетті білімді, білікті, машықтарды қалыптастырады;

Жобалық қызметтердің технологиясы – оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Тарих пен қоғамтану сабақтарында оқушылар қызметтерінің келесі формаларын қолдануға болады:

- Жоспар, сұлба, кесте, диаграмма, сурет түріндегі тіреуіш конспектілердің құрылуы;

- Тарихи оқиғалардың жалпылануы мен салыстырмалы фактілердің салыстырмасы және талдауы болатын сипаттамалық-жалпылама кестенің толтырылуы;

- Биографиялық анықтамалардың – тарихи тұлғалар сипаттарының құрылуы;

- Хабарландыру, баяндама, рефераттың әзірленуі және рәсімделуі;

- Әр түрлі (қарама-қайшы) пікірлер мен бағалауларды ұсынатын қатысушылардың диалог, дау, сұхбаттағы тарихи оқиғалардың мәнін мазмұндауы.

Бұл барлық қызмет формалары студенттерге оқу ақпаратын жүйелендіруге, тарихи-географиялық кеңістікте бейімделуіне, ізденістік жұмыс машықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Одан бөлек, ол жұмыс – оқу қызметінің шынайы өзіндік бағасын алуы мен өзара бағалауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мұғалімнің міндеті – оқушылардың шығармашылықтары мен мүмкіндіктерін дамыту үшін барлық жағдайды құру, әрбір оқушыны белсенді танымдық процеске дағдыландыру.

Тарих және қоғамтану сабақтарындағы қызметтік амалдың қолданылуы, екінші кезең стандарттарында жазылған: жекелік, метапәндік және пәндік білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Заманауи қоғамға білімді, адамгершілігі мол, қолдарынан:

- өз әрекеттерін талдай алатын;
- салдарын болжай отырып, шешімдерді өздігінен қабылдай алатын;
- ұтқырлығымен көзге түсетін;
- серіктестікке қабілетті;
- ел тағдырына алаңдаушылық сезіміне ие, оның әлеуметтік-экономикалық гүлденуіне ат салысу істері келетін алғыр азаматтар мен азаматшалар қажет.

Заманауи тәсілдің принциптік ерекшелігі, стандарттардың негізгі білім беру бағдарламаларын игеру нәтижелеріне бейімделулері болып табылады. Нәтижелермен тек пәндік білімдер емес, ол білімдерді тәжірибелік қызметте де қолдана білуі түсіндіріледі.

Тарих және қоғамдық-әлеуметтік пән сабақтарындағы оқушылардың өзін-өзі жетілдіру жағдайларына, олардың қоғамға сәтті бейімделулері, тұлғааралық және мәдениетаралық серіктестікке әзірліктері жатады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Абдуллаев Э.Н. Жаңа стандарт талаптары шеңберіндегі тарихқа оқытудың қызметтік тәсілі / Э.Н. Абдуллаев // Мектептегі тарих пәнінің оқытылуы. – 2012, №1.

2. Стрелова О.Ю. Тарих пәнінің заманауи сабағы / О.Ю. Стрелова // Мектептегі қоғамтану және тарих пәндерінің оқытылуы. – 2009, №1.

**Алтынай Беркинбайкызы АБДРЕЙМОВА,**
**Сейдахмет Бердіқұлов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі.**
**Ұзынағаш ауылы,**
**Жамбыл ауданы,**
**Алматы облысы.**

# Құқықтық сана – қауымға пана



**Турсункул Сапышовна КАМЗИНА,**
**Қ. Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің тәрбиешісі.**
**Астана қаласы.**

2022 жылдың 22 қыркүйегінде Астана қаласы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандырылған мектеп-интернат-колледжінде келешек ұрпаққа – балаларымызға маңызы зор іс-шара ұйымдастырылып, нәтижелі түрде өтті.

Мектептің мәжіліс-залында мекеме директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ. Қалиева және тәрбиеші Т.С. Камзина ұйымдастыруымен Астана қаласы «Сарыарқа» ауданының учаскелік инспекторлары: полиция капитаны Куланбаев Рүстем Бекболатұлы, ювеналдық полиция капитаны Қайырбекова Айсұлу Ерғалиқызымен 9-11 сынып оқушылары арасында кездесу өткізілді. Бұл іс-шараның тақырыбы: «Құқықтық сана – қауымға пана» болып табылды.

Жалпы біздің қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі, ол: буллинг, кибербуллинг, моббингтің алдын алу шараларын жүзеге асыру. Оқушылар арасында бопсалау, әлімжеттік, қоқан-лоққы, т.б. тәрбиеден тыс амал-әрекеттерді болдырмау және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу – бұл барша мұғалімдер мен тәрбиешілердің, ата-аналар мен құқық қорғау органдардың парызы мен міндеті.

Өткен шараның мақсаты, ол: оқушылардың өз құқықтық білімдерін тереңдету, заң алдында жауапкершілігін арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге үйрету, оқушылардың бойында демократиялық көзқарасты қалыптастыру, буллинг, кибербуллингтан аулақ болу, құқықтық сауатылыққа тәрбиелеу.

Шара барысында оқушыларға бала құқықтары жайлы кең және тың мәлімет берілді. Кез келген зорлық-зомбылықтан балалардың құқықтары заңмен қорғалатындығы айтылды. Атап өтсек, Қазақстан Республикасының жасөспірім азаматы 14 жастан бастап Қазақстан Республикасының қылмыстық істері заңнамаларына сәйкес, заңды түрде жауапқа тартыла алады, егер де қылмыс жасаса, әрине.

Отырыс соңында мектеп оқушылары көптеген сұрақтарға толық жауап алып, өздерінің құқықтық сауаттылығын көрсете білді. Осындай, заңға қайшы іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында өткізілген іс-шара оқушылар үшін өте қажет және де өз жалғасын табады.

Полиция қызметкерлері өз телефондарымен балалармен бөлісіп, жедел жағдайда, кез келген уақытта, хабарласуға болатынын жеткізді.

# Театрландырылған іс-әрекеттер негізінде балалардың шығармашылық қабілетін дамыту



**Мирамкуль Бекуловна АБДИКОВА,**
**«Жұлдыз» балабақшасының тәрбиешісі.**
**Ақмола ауылы, Целиноград ауданы, Ақмола облысы.**

Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Кезіндегі орыстың ұлы ақыны сахнаны «сиқырлы өлке» деп атаған. Қазақ өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр – адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері – тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» деген сенімде болған.

Н.К. Крупская «Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді» дейді. Е.М. Гаспарова «Мектепке дейінгі жаста сюжеттің дамуы қалыптасып келе жатқан бірлестіктер негізінде жүзеге асады. Режиссерлік ойындар жеке іс-әрекет ретінде пайда болады. Режиссерлік ойындар мектеп жасына дейінгі балаларда да байқалады, әсіресе бала құрдастарымен аз қарым-қатынаста болған кезде (жиі ауырады, мектепке дейінгі ұйымға барғысы келмейді, қарым-қатынасы қиындайды, жеке ерекшеліктері тұйықтық, ұялшақтық, сөйлеу және т.б. ақаулары байқалады)» деген болатын. Театрландырылған қойылымды Л.В. Артемова екі топқа бөледі: режиссерлік және драмалық.

*Бірінші топқа* – балабақшадағы режиссерлік ойындарға – үстел үсті, көлеңке театры, фланельграфтық театр жатады. Бала немесе ересек адам актер емес, ол сахна жасайды, ойыншық кейіпкердің рөлін ойнайды – көлемді немесе жалпақ. Ол үшін әрекет етеді, оны мимикамен, интонациямен, ыммен бейнелейді. Баланың пантомимасы шектеулі, өйткені ол қозғалыссыз немесе отырықшы фигура немесе ойыншық ретінде әрекет етеді. Сөйлеу, оның тақырыптары, интонация, экспрессивтілік, дикция бірінші орынға шығады. *Бала өмірінде режиссерлік ойын сюжет-рөлге* қарағанда ертерек орын алады. Бірақ екеуінің де тамыры ортақ: сюжеттік-рефлексиялық ойын, оның барысында жас бала заттармен әрекет ету тәсілдерін үйренеді, жеке тәжірибесінен өзіне таныс оқиғаны (қуыршақты тамақтандыру, төсекке жату, суға шомылу, дәрігерді тексеру және т.б.).

Ересектер көмегімен бала ең қарапайым ойын сюжеттерімен байытады, заттармен ғана емес, рөлді орындаумен байланысты әрекеттерді де көрсете бастайды. Осылайша, құрдастарымен рөлдік ойынға көшу

үшін алғышарттар жасалады. Бірақ бала мұндай әрекетке әлі толық «піскен» емес, өйткені оның коммуникативті дағдылары жеткілікті түрде дамымаған. Демек, режиссерлік ойындар туындайды, онда бала жеке ойыншықпен әрекеттеніп, өз дизайны бойынша ойнауға кіріседі, оның ішінде кенепте белгілі бір қарым-қатынастармен байланысты бірнеше кейіпкерлер бар. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып, баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырады. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятады. Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері жастайынан қалыптасады. *Театрлық іс-әрекеттер:*

- Оқушылардың шығармашылығын театр түрлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан-жақты жетілдіреді;
- Қазақ тіліне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелейді;
- Оқушылардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамытады;
- Балаларды адамгершілікке баулиды;
- Балалардың қиялын, есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамытады, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландырады;
- Балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады. *Театрлық іс-әрекеттерден кейін күтілетін нәтижелер:*

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады;
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды;
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіреді.

Театрландырылған ойындар – қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қоймаларға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Балаларды сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан – жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Балалар сахнада рөлдерді ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді.

Театрландырылған іс-әрекет арқылы шығармашылық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін – ол білім, бейімділік, қабілеттілік және дағдылар жүйесі. *Театрландырылған ойын 2 бөлікке бөлінеді*: драматизация және режиссерлық.

*Драматизациялық ойында* бала – артист, интоноция, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне

жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған сахналық қойылымда бала ойын драматизациясында қандай бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады. Ал, драматизация ойынның екі түрін қарастыруға болады.

*Саусақтар ойын драматизациясы*. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе еркін қозғала жүріп көрсетеді.

*Қуыршақ бибабомен ойын* – драматизациясы. Бұл ойында саусақтарға қуыршақ бибабаоны киеді. Ширмада ойнайды. Бұл қуыршақтарды ескі қуыршақтардан жасауға болады. Режиссерлық ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахна қоюшы рөлінде ойнайды, ойыншықтардың орынында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер және ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады. Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ең көп тараған түрі: *ойыншықтар театры*. Мұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды. Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтарды – марионеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігіндей болады. Бала өзіне кастюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Қуыршақты өздері жасауға болады. Оның негізі болып үшбұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштары резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақпен жүргізушінің мойынына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Театр баланың рухани және шығармашылық әлеуетін ашады және әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкіндігін береді.

***Театрлық ойын*** – өнегелілік сипаттағы әдеби және фольклорлық туындыларды түсінуге, достық, серіктестік және дұрыс өзара әрекеттестік сезімін дамытуға көмектесетін тиімді құрал. *Театр ойындарына қатыса отырып, балалар эмоциялық жағынан дамиды:* кейіпкерлердің сезімдерімен, көңіл-күйімен танысады, олардың сыртқы бейнесін сипаттайды, рухани дүниесін түсінуге тырысады. Мұнымен бірге, тіл дамыту дағдылары жетілдіріледі: диалог пен монолог жүргізу дағдылары қалыптасады, баланың көркем тілі жетілдіріледі. *Театрлық әрекет* – бұл бәрінен бұрын суырып салу, заттар мен дыбыстарды жандандыру, ол әрекеттің басқа түрлерімен; *ән салумен, қозғалыспен, музыкалық сүйемелдеумен* және т.б. тығыз байланысты.

*Шығармашылық* – адамның өмірде өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы,

дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек.

Бейнелеу өнері және еңбек баланың ерте айналысатын іс-әрекеттері. Бала өз ортасында көрген-білгенін сурет арқылы бейнелегісі келетінінен аңғаруға болады. Алғашқыда баланың салған суреті ешбір түсініксіз парақ шимайға толы болады. Білімді дұрыс жетекші ету барысында баланың алғашқы ұмтылысындағы жай шимайлары, бірте-бірте олардың суреттері пішіндік сипат алып, олар керекті біліммен қаруланады. Болашақта олардан суретші маман дайындап шығару емес, балалардың бойында әдемілік пен  тани біліп, эстетикалық талғампаздықтарының жоғары болуы үшін қажет.  Шығармашылыққа жақын балалар әр түрлі жаңашылдыққа құмар келеді. Балалардың шығармашылық қабілеттері іс-әрекеттерінен байқалады.  Оны **ата-аналары байқап, дер кезінде  дамытуға көмек көрсететін болса, болашақта ол балада қандай да бір дарын, талант  пайда болуы мүмкін.** Шығармашылық дамудың пайдасы:

- Қиялдай білу;
- Тәуекелге бара алу;
- Ой шапшаңдығы;
- Интуицияның дамуы.

Шығармашылық қабілет, өзіндік жұмыс істеу іскерлігі мен дағдылары өздігінен пайда болмайды, ол мақсатты түрде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен шығармашылық, тәжірибелік сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау процесінде қалыптастырылады.  Шығармашылық қабілеттер кез келген адамға, кез келген қалыпты балаға тән. Оларды ашып, дамыту керек. Адамның шығармашылық әлеуетінің құрамдас бөліктері ретінде төмендегі қабілеттерді атап көрсетеді:

1. Тәуекелге қабілеттілік;
2. Дивергенттік ойлау;
3. Ойлау мен әрекеттердегі икемділік;
4. Ойлау жылдамдығы;
5. Өзіндік идеяларды айту және жаңаларын ойлап табу қабілеті;
6. Бай қиял;
7. Заттар мен құбылыстардың біркелкі еместігін қабылдау;
8. Жоғары эстетикалық құндылықтар;
9. Дамыған интуиция.

Баланың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың екінші бағыты – шығармашылық қиялды дамыту болып табылады. Қиял – бұл барлық шығармашылық қызметтің негізі. Олай болса,  балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін оның қиялының дамуына үлкен мән беру керек. Шығармашылық қиялы жоғары баланың сана сезімі, ойлау қабілеті, көңіл-күйі, эмпатиясы, эмоциясы да жоғары болары анық.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Төлешова Ұ.Б. Театралды педагогика және педагогикалық артистизм / Ұ.Б. Төлешова, А. Б. Мукашева, М.Д. Мурзагулова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – 116 б.
2. Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. – Алматы, 1999. 47 б.
3. Байназарова Т.Б., Асилбаева Ф.Б. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек және бейнелеу іс-әрекетінде шығармашылығын қалыптастыру. Оқу құралы. – Алматы: «Қыздар университеті», 2014. - 167 б.

# Сөйлеу әрекеті дағдыларын дамытуға арналған білім ресурсын дайындау мәселесі

Қазіргі кездегі тілдік білім беру үдерісінде тіл деңгейлері бірліктері, оның ішінде сөйлемнің жинақтаушы, коммуникативті қызметі, қолданылу қызметіне қарай әр түрлі коммуникативті-прагматикалық, когнитивті міндеттерді атқаруына арнайы көңіл бөлудің қажеттігі басым байқалып келеді. Оқушының ойын жатық, жүйелі, әсерлі жеткізу іскерлігін қалыптастыру үшін сөйлемнің стиль түрлеріндегі қолданылу сипатын ғылыми тұрғыда жүйелеп, соның негізінде оны оқушы іскерлігіне айналдырудың әдістемелік базасын, жаттығу жүйесін қалыптастырудың қажеттілігі туып отыр. Себебі оқушыны түрлі жазба жұмыстарына үйреткенде мәтін лингвистикасы мен функционалды стилистика мәліметтері, оның негізгі категориялары назардан тыс қалып жатады. Ойды жеткізудің негізгі құралы – сөйлем. Сөйлемдердің өзара байланысты тізбегі мәтін құрайды. Ал мәтін түрлері белгілі бір стиль, подстиль, жанрларға телулі болады. Сондықтан қазақ тілін оқытуда функционалды стилистика, мәтін лингвистикасы, құрылымдық грамматика ізденістерін өзара байланыста алып, дамушы, ізденуші, кез келген сөйлеу жағдаятында өзін құзыретті сезетін белсенді қоғам мүшесін қалыптастыруға жұмсау – қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті міндет.

Аталған міндетті жүзеге асыруда Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қазақ тілі пәнін оқыту бағдарламасының мүмкіндігі мол. Бағдарламаның жалпы білім беретін мектеп бағдарламасынан басты ерекшелігі – тіл теориясын меңгертуге емес, мәтін, мәтінге түрлі талдаулар жасай отырып, 4 түрлі сөйлеу әрекеті дағдыларын (тыңдалым, оқылым, сөйлесім, жазылым) дамытуға негізделгендігі. Сондықтан бағдарламада оқу мақсаттары да төмендегідей түрде беріледі:

О3 Мәтіндегі сөздердің және сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді, кәсіби сөздердің лексикалық бірлігін ажыратады;

О6 Оқылым стратегияларының түрлерін анықтау: жан-жақты талдап оқу (рөлі) арқылы зерттеу, комментарий жасау, іріктеу;

Ж11 Мәтіндегі сөздердің сөйлемдегі грамматикалық, лексикалық нормалар бойынша қолданылуы мен қызметін анықтай алады, жазылым барысында қолданады;

Ж12 Сөйлем мүшелері, жай сөйлем және құрмалас сөйлем түрлерін ажырата алады, тыныс белгілерін дұрыс қолдана отырып жазады;

Ж9 Стиль түрлерін (ресми, бейресми) қолдана отырып, монолог, сілтемелер, рекомендация, ұсыныс, аннотацияларға талдаулар мен дәлелдемелерді енгізіп жазады.

Бұл мақсаттар әдетте әр түрлі стильде берілген мәтіндерге тілдік талдау жасау, тілдік құралдары арқылы стильдік ерекшеліктерін анықтау, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау арқылы жүзеге асады. Назарбаев Зияткерлік мектебінде қазақ тілі пәнін (Т1) оқыту барысында зерттеп, түсінгеніміз: оқушылардың оқылым және жазылым дағдыларын дамытуда стилистикалық жаттығулардың маңызы зор. Сондықтан қазақ тілінің стилистика мәселесіне қатысты зерттеу еңбектерін оқып, зерделеуге тырыстық.

Қазақ тіл білімінде стилистикаға қатысты алғаш пікір айтқан және құнды зерттеулер қалдырған профессор А. Байтұрсынов болатын. Ғалым «Тіл қисынында» еңбегінде: «Тіл қисыны дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты – асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету», - дейді. Байқап отырсақ, автордың «тіл қисыны» деп атап, берген анықтамасы стилистиканы оқытудың мазмұнына саяды. «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады, сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айтуы керек», - дейді ғалым. «Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз». А. Байтұрсынов тілді үйренудің екі түрлі жолына сипаттама береді. «Тіл – құрал. Құрал болғанда, толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал. Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс құралды жұмсап жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды». Ғалым ауыз әдебиеті, Абай, Ыбырай, Мағжан шығармаларының тіліне талдау жасайды. Сөзбен кескіндеудің құдіретті күші тілде екенін қазақ тілі материалдары арқылы дәлелдейді.

Басқа да бірқатар ғылыми-зерттеу еңбектеріне шолу жасалды. Атап айтқанда, М. Балақаевтың «Тіл мәдениеті және мектепте қазақ тілін оқыту» атты оқу құралы, А. Жапбаровтың «Қазақ тілінің стилистикасын оқыту методикасының негізде-

рі» атты оқу құралы, Б. Манасбаевтың «Қазақ тілінің стилистикасы. Жаттығулар жинағы», З. Ерназарованың «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» (монография), Б. Кәтембаеваның «Тіл ұстарту жұмысы бойынша методикалық нұсқаулары», С. Аманжолов пен А. Әбілқаевтың 8 сыныпқа арналған «Қазақ тілінің синтаксисі» оқулығы, А. Жапбаров және тағы басқаларының «Қазақ тілін оқытудың практикалық әдістері», А. Әбілқаев, Б. Құлмағамбетованың 8 сыныптың қазақ тілі оқулығына арналған әдістемелік нұсқауы, Н. Құрманованың «Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың тілін дамыту әдістемесі», Н. Құрманова, Д. Оспанова «Жай сөйлемді оқыту барысында дарынды балалардың шығармашылық қабілетін дамыту әдістемесі», А. Рахметованың «Қазақ мектебінің 8 сыныбында сөз тіркесін оқыту әдістемесі» (диссертация), Г. Жапбарованың «Оқушылардың жазба тілін дамыту жолдары: теориясы және әдістемелік негіздері» (автореферат).

З. Ерназарованың 2001 жылы жарық көрген «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» деп аталатын монографиясы – сөйлеу әрекетінің коммуникативтік, ықпал етуші табиғатына барлау жасаған, тіл мен ойлаудың арақатынасы мәселесін қарастырған, қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік бірліктердің нақты сөйлеу жағдаяттарында қызмет етуінің алуан түрлі амалдарын зерттеген, ғылыми-тәжірибелік маңызы аса зор еңбек. Зерттеуші: «Қазақ тілінің лексикалық құрамын, синтаксистік құрылысының негізгі белгілерін меңгеруге болады. Бірақ, біздің байқауымызша, еркін, табиғи түрде сөйлеу үшін тілдің ішкі құрылымын, ішкі рухын түсіну керек. Ал ол прагматикалық аспектімен байланысты», - дей келіп, прагматиканың өзі стилистиканы қалыптастырушы тіл аспектісі екендігін айқындайды. Зерттеуші бұдан әрі хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдердің коммуникативтік-прагматикалық аспектісіне жан-жақты талдау жасайды.

Г. Жапбарова «Оқушылардың жазба тілін дамыту жолдары: теориясы және әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысының авторефератында оқушылардың жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы стильдік-лексикалық, стильдік-морфологиялық, стильдік-синтаксистік жаттығулардың рөліне тоқталады.

Қорыта келгенде, кіріктірілген бағдарлама мақсаттарына сәйкес оқушылардың тілдік біліктіліктерін дамытуға қажетті оқу ресурстарын дайындау үшін ғылыми-теориялық негіз бар екендігіне көзіміз жетті. Ендігі жерде осы зерттеулерді тиімді пайдалану маңызды екендігі хақ.

**Рыспақ Абдулхамитқызы**
**КИІЗҚАПОВА,**
**«Bayterek 2050» жеке мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Бостандық ауданы,**
**Алматы қаласы.**

# Оқушылардың ойлау қабілеттерін логикалық тапсырмаларды орындау арқылы дамыту

Математика адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі бола отырып, өнер сияқты адамның рухани жан дүниесінің қалыптасуына ықпал етеді. Математика адамда ақыл-ой ұшқырлығын шындыққа ұмтылуға тәрбиелейді.Білім беру жүйесінің оқыту үрдісінде оқушылардың математикаға қызығушылығын арттыру үшін қызғылықты да тиімді бағдарламаларды жобалау қазіргі заман талабына байланысты туындауда. Оқушының бойындағы бұрыннан бар білімді тереңдететін, білуге ынталандыратын, терең ойланатын бұл тапсырмаларды әр түрлі формада өткізуге болады. Яғни, логикалық жаттығулар орындау, ойын, саяхат, топтық, жұптық жұмыстарды сабақ барысында жиі қолдануға болады.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың бағдарламалық материалды оқып үйренгендей қабылдауға терең де берік білімдеріне, іскерліктеріне және дағдыларына, сонымен бірге, математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты болады. Сынып оқушыларының қабілеттері бірдей болуы мүмкін емес. Олардың ішінде математиканы түсініп, сүйіп оқитын, пәнге деген ынталары зор оқушылары да баршылық. Оларды жеңіл, біріңғай біртекті тапсырмалар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығулар орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, шығаруда ойлауды қажет ететін есептер беріледі. Ондай тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытады.

Мысал ретінде төртінші сынып оқулығындағы логикалық тапсырмаларды орындау жүйесін қарастырайық:

777*143 = 111111
777*286 = 222222
777*572 = 444444
777*1144 = 888888

Сол сияқты 99-беттегі берілген тапсырма балалардың ойлау қабілеттерін дамытады.

1*8+1=9
12*8+2=98
123*8+3=987
1234*8+4=9876
12345*8+5=98765 берілген тапсырмаларды талдап шығара отырып, балалар тұжырымдамалар жасайды: көбейгіш тұрақты, көбейткішті екі есе арттырсақ көбейтіндінің мәні де екі есе артатынын көреміз.

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра

білуге қалыптастырады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді.

Қазіргі кезеңдегі мектеп математикасында әлі шешімдері табылмаған проблемалар аз емес. Соның бірі, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, кітапқа, оқуға, білім алуға деген құштарлықтарын арттыру. Осындай шешу мақсатында бастауыш сыныптың алғашқы сатысынан бастап логикалық тапсырмаларды орындау керек. Оқу еңбегінің қаруы – ой болып табылады. Логикалық жеке пікір мен өзіндік талдау біртұтас. Бұл талаптар ой мен іс-әрекеттің негізгі өзегі болып келеді. Ол үшін әр адам өз орнында еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, өсуі, жаңа сапалық деңгейге шарықтау кезеңі, еліміздің егемендік алып, өркениетті елдердің қатарына қосылуы жаңа заманның жастарынан өзіндік таланты мен табиғи қабілетін жетілдіріп қана қоймай, олардың жаңашыл болуын, ізденістерін ұштауын талап етеді. Бұл орайда математика, логика, информатика пәндері басты мәнге ие. Тапсырмалар орындағанда олардың ойларын теориялық негізі логикалық түсініктемелерге, әр түрлі жағдаяттарға негізделген ғылыми көріністер байқалады.

Ағаш кесушілер бөренені метрлік бөліктерге бөлу керек. Бөренені бір рет кесуге екі минут уақыт кетеді. Бес метрлік бөренені олар қанша минутта кесіп алады? Шешуі: сегіз минут уақыт керек. Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш қуаты мен сенімін арттыру керек. Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен келесі компонентерден тұрады:

1. Қабылдау;
2. Түсіну;
3. Есте сақтау;
4. Қорыту және жүйелеу.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаев былай деген: «Ойлауды өркендету жолдары әр қилы. Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау қиындық келтіреді. Сондықтан мұғалім баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап жасау керек». Жаңа буын математика оқулықтарының соңғы тапсырмалары логикалық стандартты емес болып табылады. Бұл стандартты емес тапсырмалардың өзін бірнеше деңгейге бөлуге болады. Жоғары, орта және жеңіл тапсырмалар.

Жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды сыныптың барлық балаларының ішінен шығаруға талпынатын және оларды шығаратын балалар болады. Орта және жеңілдеу тапсырмаларды барлық оқушы қызығушылықпен орындайтындығын тәжірибе жүзінде көруге болады.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың өмірімен тығыз байланысты болып келеді, мысал ретінде келесі тапсырманы алып корейік:

Салтанат, Назерке, Гүлнар және Ләззаттың туған күндері – 2 ақпан, 10 қазан, 2 маусым, 28 ақпан. Ләззат пен Назерке бір айда туған.

Ал Салтанат пен Ләззаттың туған күндері бірдей сандар. Балалардың әрқайсысының қай айда, қай күнде туғанын анықтау керек. Шешуі: Ләззат – 2 ақпанда, Салтанат – 2 маусымда, Гүлнұр – 10 қазанда, Назерке – 28 ақпанда дүниеге келген. Шығармашылық жаттығулар оқушылардың тек қана математикалық білім емес, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жағдайға байланысты білімді талап ететін тапсырмалар. Бұл тапсырмалар оқушылардың ойлау, байқағыштық, салыстыру қабілеттерін және қиялдарын дамытуға негізделген. Бұл – өте күрделі, аса жауапты, бірақ игілігі мол жұмыс.

**Самал Сейткуловна**
**ЖУМАБЕКОВА,**
**Дубовка жалпы білім беретін**
**мектептің**
**бастауыш сынып мұғалімі.**
**Абай ауданы,**
**Қарағанды облысы.**

# Мектепалды топ балаларының адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың психологиялық ерекшелігі

***Аннотация:*** *Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру туралы қысқаша шолу беріледі. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, адамгершілік тәрбие берудің маңыздылығы және оны қалыптастыру жолдары ұсынылады.*

***Кілт сөздер:*** *мектепке дейінгі кезең, отбасы, адамгершілік тәрбие, адамгершілік сана, қарым-қатынас.*

Қазіргі жаһандану заманында жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру жүйесі рухани-адамгершілік тәрбие негізінде жүргізуді қажет етеді. «Қазақстан Республикасының жалпы білім беру «тұжырымдамасында» жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдай жасау» міндетінің ерекше аталғандығы осыған дәлел.

Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің дамуы бастау алатын негізгі кезеңі. Л.С. Выготский мектепке дейінгі шақта баланың нақты адамгершілік негіздері бекиді деп атап көрсеткен-

дей, баланың бойында адамгершілік құндылықтары қалыптаспаса, адам дамуына кедергі болып қана қоймай, сонымен қатар жасөспірімдік шақта бала дамуында әлеуметке қарсы мінез-құлықтың болуына әсерін тигізеді.

Адамгершілік тәрбие беру, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру туралы педагогикалық-психологиялық, философиялық ойлар көптеген педагогтердің еңбектерінен кездестіруге болады. Бала бойындағы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда арнайы тәрбие жұмыстарын жүргізуді Ш.А. Амоношвили, О.С. Богданов, Е.В. Бондаревская, Н.И. Болдырев, Н.К. Гончеров, А.А. Гусейнов ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған.

Адамгершілік тәрбие — жаһандану заманының даму тарихы арқылы жүзеге асып, әрбір қоғамның тәжірибесі өмір бойынан алынып, пайда болған құндылықтар мен салт-дәстүр мәдениетінен туындап, соған сәйкес қалыптасады.

«Адамгершілік тәрбие» туралы зерттей келе, «адамгершілік» сөзінің мағынасын да қарастырамыз. «Адамгершілік» адамның құндылықтарына негізделген моральдық сапасын білдіреді. Белгілі педагог-психолог И.Ф. Харламовтың айтуынша, «адамгершілікті қалыптастыру моральдық нормаларды, ережелер мен талаптарды адамның біліміне, дағдылары мен мінез-құлқына және оларды тұрақты сақтауға бағытталған».

Адамгершілік тәрбие — бұл өскелең ұрпақтың адамгершілік мұраттары мен қағидаттарына сәйкес жоғары сана, адамгершілік сезімдер мен мінез-құлықты қалыптастырудың мақсатты процесі. Адамгершілік тәрбиесінің функциясы-мектеп жасына дейінгі балаларда моральдық сананы, тұрақты моральдық мінез-құлықты және қазіргі өмір салтына сәйкес келетін моральдық сезімдерді анықтау, әр адамның белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру, олардың іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын басшылыққа алу әдеті, әлеуметтік парызды сезінуді дамыту.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесінің негізі:

- баланың ішкі әлеміне, сондай-ақ адамгершілік өлшемдерге сәйкес келетін адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- мұғалімнің баланың ішкі әлемінің жүйелік негізі ретінде адамгершілік саласына әсері;
- баланың эмоционалды-мотивациялық саласына әсері.

Адамгершілік тәрбиесінің нәтижесінде бала басымдықты анықтауға көмектесетін қажетті өмірлік қасиеттерге ие болады (сурет 1).

В. С. Мухина баланың басқа балалармен қарым-қатынас құруы оның психикалық дамуына жағдай жасайтынын негіздейді, әрі ол үш жағдайда баса көрсетіледі: 1. Баланың балалар тобымен қарым-қатынас құруында ерекше, ересектермен жасалған қарым-қатынастан айрықша қатынас тағайындалады; 2. «Бала-бала» жү-




*Сурет 1. Адамгершілік тәрбие негізінде қалыптасатын баланың қасиеттері*

йесінде ғана кейбір іс-әрекет түрлерін меңгеруге болады, яғни балалар топпен ғана ересек адамдардың қатынасын бірлесіп қайта жаңғырта алады; 3. Балалар тобында мінез-құлық, жүріс-тұрыс нормалары мен адамгершілік қасиеттерді қолданып, жаттығуға мүмкін болады. Қарым-қатынастың баланың дамуында алатын рөлі ерекше және ересектермен, құрдастар тобымен қарым-қатынас барысында адамзаттық тәжірибені игеруі, қалыптасқан мораль, құндылықтар, білім мен іс-әрекет түрлерін игеруі, жеке адам және дара адам түрінде қалыптасуы іске асырылады. Яғни, балалар адамгершілік тәрбиені ересектерден, сондай-ақ достары мен қоршаған ортадан біледі. Адамгершілік тәрбиені балалар ересектердің іс-әрекеттерін оң және теріс бағалау арқылы, байқау және еліктеу арқылы қабылдайды.

Психология ғылымында адамгершілік тәрбиені талдауда оның сана мәселесімен тығыз байланысы негізге алынып, оны түрлі аспектіде қарастыру сана мен іс-әрекет бірлігінің әдіснамалық қағидасына тіректеледі (С.Л. Рубинштейн, А. Н. Леонтьев, Б. Г. Ананьев, Б. М. Теплов, А.А.Смирновжәне т. б.). Себебі адамның іс-әрекеті оның санасы, өзіндік санасы, психикалық процестері мен қасиеттерінің қалыптасуына себеп болса, соңғылары өз кезегінде адамның іс-әрекетін реттей отырып, оның дұрыс орындалуының шарты болып табылады. Адамгершілік сананы қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтай отырып, келесі көрсеткіштерді ажыратуға болады (сурет 2).

П. И. Подласыйдың пікірінше,




*Сурет 2. Мектепке дейінгі жастағы балада адамгершілікті қалыптастыру критерийлері*

адамгершілік сана екі функцияға ие:
- реттеуші;
- эмоционалды бағалау.

Реттеуші функция – адамның адамгершілік құндылықтар туралы идеялары оның нақты мінез-құлқын анықтайды. Ал эмоционалды бағалау – функциясы адамның белгілі бір моральдық сапаға немесе мінез-құлық нормасына деген көзқарасымен байланысты, сондықтан ол мінез-құлықты моральдық нормаларға сәйкес келетін немесе сәйкес келмейтін деп дұрыс бағалай алады.

Баланың даму кезеңіне сәйкес Л.С. Выготский мектепалды жас кезеңі 5 жастан 7 жасқа дейінгі аралық кезеңі деп қарастырады. Осы жылдары балада физикалық даму жалғасады, интеллектуалдық мүмкіндіктерін жетілдіру кезеңі басталады және баланың психикасында жаңа білімдер қалыптасады. Яғни, зейін, есте сақтау қабілеті, қабылдау, өз мінез-құлқын басқару қабілеті сынды психикалық өзгерістер өзін–өзі тануға, өзін–өзі бағалауда әсер етеді.

М.Л. Лисина мен А.И. Силвестру (1983) рухани-адамгершіліктің негізгі екі компонентін: өзін білу және өзіне қатынасын – олардың бірлігінде бөліп көрсетсе, А.Г. Спиркин (1972) «өзіндік сана» өзара байланысты құбылыстарды: өзін-өзі бақылауды және өзін-өзі тануды, өзін--өзі бағалауды білдіреді дейді. И.И. Чеснокова да (1977) өзіндік сананы үш компоненттің: өзін-өзі тану, өзіне эмоциялық-құндылық қатынасы және өз мінез-құлқын өзі реттеуінің бірлігі ретінде қарастыруды ұсынады. Ол өзін-өзі тануды рухани-адамгершіліктің көрінуі мен өмір сүруінің, мазмұнының орталығы ретінде белгілейді.

Өзін-өзі бақылай алу қабілеті өзінің зейінділігімен, яғни, еріктік күш-жігерімен байланысты.

Өзін-өзі басқара алу рухани-адамгершіліктің өзіне қатынасы, өзін сыйлауы және өзін бағалауы сияқты эмоционалдық құрамдастықтарымен тығыз байланысты. Өзін-өзі бағалау – бір жағынан, өзін тану аумағындағы интегративті жұмыстың нәтижесі болса, екіншіден өзіне эмоционалды-құндылық жағынан қатынасы. Өзін бағалау – тұрақсыз шама, ол өркендей келе әр түрлі болып өзгереді.

Өзін бағалау адамға тән, өзі туралы білім және дүниетаным, тәртіптер мен құндылықтардың ұштасуымен байланысты.

Өзін-өзі бағалау көрсеткіші қылықты және іс-әрекетті басқаратын міндетті атқарады, өйткені адамның қажетттіліктері мен талаптану деңгейлерін оның мүмкікдіктерімен салыстыруға жағдай туғызады. Бұны статистикалық өңдеуге төмендегі формула ұсынылады:

$$Ө.б. = \frac{Т}{М}$$

Мұнда тұлғаның: Ө. б.-өзін бағалауы;

Т – талаптануы;

М – мүмкіндіктері.

Өзін-өзі бағалау, өзін-өзі басқаруды іске асырудың «өзегі» бола мотивацияның құрылымына еніп өзін басқарудың бағыттылығын, құрал-

дарын таңдауды және қылықтың нәтижелі болуын талқылайды. Барлық ұсынылған қылықтық реакциялары мен жүріс-тұрыстарын нәзік, жіктелген және адекватты көрінісі, қылығын өзінің басқара алуының жеткілікті дәрежедегі деңгейі, рухани-адамгершілік мәдениеттің тұтастай дамып жетілген ахуалы тұлғаның басқалардың бағалауына емес, өзін-өзі толық сәйкесінше бағалауына, өзінің бағдарлығына сәйкес болып келеді.

Адамгершілік тәрбиенің қалыптасуы адамның психикалық және дене дамуының жас кезеңдерімен байланысты белгілі бір кезеңдерден өтеді. Әрбір кезең өзін тану мүмкіндігіне, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі реттеу қабілетіне сәйкес өзіндік айрықша деңгейге ие. Рухани-адамгершіліктің даму деңгейі ең алдымен, нақты жас кезеңіндегі өзге психикалық қызметтердің – естің, ойлаудың, тілдің, әрекеттің ырықтылығының және т.с.с. дамуымен айқындалады. Өйткені, «сананың барлық актісі осы процестердің негізінде және тек солар арқылы қалыптасып, іске асады».

Балаға адамгершілік тәрбие беруде И.П. Подласый ұсынған тәрбиені кешенді жүргізу технологиясы талаптарын басты назарға қойдық. Олар:

1. Тәрбиеленушіге төмендегі үш бағыт: олардың санасына, сезіміне және тәртібіне әсер ету арқылы;
2. Жағымды нәтижеге тәрбиенің табиғи байланысы (ішкі педагогикалық әрекеттесу) және тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі арқылы;
3. Тәрбиеге қатысы бар әлеуметтік институттар мен бірлестіктерді, жалпы баспасөз құралдарын, әдебиет, өнер, отбасы, мектеп, құқық қорғау органдары, т.б. кешенді ықпал ету жағдайларының бірлігі және оларды үйлестіру арқылы;
4. Тұлғаның сапалық қасиеті жүйелі нақты тәрбие ісі арқылы;
5. Кешенді ықпал тәрбие жүйесіне және оны басқаруға жүйелі ықпал ету арқылы табысты болады. Тәрбиені басқару ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекеттестікте болғанда ғана жақсы нәтиже беретініне негізделеді.

Тұлғаның бойында адамгершілік тәрбие қалыптастыруда балабақша мен отбасының арасындағы байланыстың болуы өте маңызды. Бұл қастерлі ортада қызмет ететін педагог пен ата-анаға жауапкершіліктің үлкен жүгі артылған. Балабақша және отбасы тек өз күштерін біріктіру арқылы ғана өздеріне жүктелген егемен Қазақстанның болашақ азаматтарын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін абыроймен орындап шыға алады. Балабақша отбасының қолдауына бұрынғыдан да күштірек мұқтаж, бұл жерде сөз тереңтүсіністік пен өзара құрметке құрылған серіктестік жайында болып отыр. Педагогтың ата-аналармен жұмысы ынтымақтастықта болуы - ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне белсенді тартпайынша мүмкін емес.

Балабақша мен отбасы қарым-қа-

тынастарының принциптері:

– өзара сенім мен құрмет;

– өзара қолдау мен көмек;

– бір-біріне төзімділік пен шыдамдылық таныту;

Қорыта айтқанда, балалардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру мәселесі барлық уақытта өзекті болып қала беретініне қарамастан, әлі де жеткілікті зерттелмеген мәселелердің бірі болып табылады. Баланың бойында адамгершілік тәрбиені қалыптастыру – бұл жеке тұлғаның ішкі қажеттіліктерін ғана емес, сонымен бірге адам мен қоғамның құндылық қатынастарын да қамтитын күрделі мәселе. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары сөзсіз. Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, мектептің, барша халықтың міндеті.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы. *adilet.zan.kz;*

2. Жарықбаев Қ.Б. Психология: Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011;

3. Өтебаева. Ә.Т. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы. / Білім. 2007;

4. Антилогова Л.Н. Психологические механизмы развития нравственного сознания личности: автореферат... диссертации на соискание ученой степени доктора психологических наук: 19.00.01– Новосибирск, 1999;

5. Дүйсенова Ж.Қ., Нығметова Қ.Н. Балалар психологиясы: оқулық/- Алматы: «Полиграфкомбинат», 2013. - 300 б.;

6. Ларионова С.О, Дзацило Ю.А. Нравственное воспитание дошкольников в детском саду: учебно-методическое пособие. – Екатеринбург, 2018;

7. Ильина О. С. Ойын іс-әрекеті процесінде мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесі // Ғалымдар жазбалары. Курск мемлекеттік университетінің электрондық ғылыми журналы. 2017. №3 (43).



**Қымбат Бекжанқызы ЖАНДАРБЕК,**
**Л.Н. Гумилеев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2-курс магистранты.**
**Астана қаласы.**

# Алаш қозғалысы қайраткерлері

Сабақтың мақсаты:

***Білімділік:*** Білім алушыларға Алаш қозғалысы мен Алаш партиясы туралы жинақталған мәліметтерді бере отырып, осы саяси ұйымдардың мәні мен мақсаттарын түсіндіру;

***Дамытушылық:*** Алаш қозғалысы туралы білім алушылардың бойында елжандылық көзқарастарын қалыптастыруға көмектесу, өз көзқарастарын білдіру, өз ойларын түйіндеп айта білу қабілеттерін дамытуға бағыттау;

***Тәрбиелік:*** Алаш қозғалысының қайраткерлерін мысалға келтіре отырып ұлтжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелеу, елін, ұлтын сүю және мақтана білуге жағдай жасау, ұлт көсемдерін еңбегін құрметтеуге бағыттау.

Сабақтың типі: жаңа тақырыпты игеру.

Сабақтың түрі: аралас.

Сабақтың әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, талдау, пікір-сайыс.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, Қазақстан картасы, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, т.б. Алаш қайраткерлерінің портреттері мен олар туралы мәліметтер, тірек сызба, таблица, кітап.

Сабақтың барысы:

І.Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу, қатысушыларды түгендеу.

ІІ. Үй тапсырмасын сұрау.

«Сандарға жүгінсек» әдісі. Берілген жылдарда қандай оқиға болғандығын таба отырып, жекелей жұмыс жасайды. Табылған мағлұматты қысқаша баяндап толықтырады. 3 минуттық бейнеролик қарау, тақырыбы: «1917 жылдағы Қазақстан». Көрген видео арқылы төмендегі даталар бойынша сұрақтарға жауап беру:

1. 1917 жылы 27 ақпан;
2. 1917 жылы 2 наурыз;
3. 1917 жылы 2-3 наурыз
4. 1917 жылы 27 ақпан – 4 шілде;
5. 1917 жылы 12-13 сәуір.

Тапсырма соңында білім алушылар бір-бірінің жұмысына «Дұрыс немесе бұрыс» әдісі арқылы кері байланыс береді.

2-тапсырма «Иә», «Жоқ» жауабы арқылы сұрақтарға жауап беру.

Шарты: Оқылған тапсырманың дұрыс, дұрыс еместігін анықтау, жауап беру.

1. Ұрпақтан ұрпаққа мұрагерлікпен қалып отыратын биліктің мұндай түрі монархия деп аталады;
2. 1920 жылы 5 қаңтарда Ресейде патша сарайына жасалған шеру тарихта «Қанды жексенбі» деп аталды;
3. 1917 жылы 24 ақпанда патша тақтан құлап, ІІ Николай биліктен бас тартты;
4. Ресейде уақытша үкімет өз уәдесінде тұрды, бірін-бірі жақтады;
5. 1917 жылғы қазандағы көтеріліс жеңіспен аяқталып, кеңес үкіметі орнады;
6. Азамат соғысы деп бір мемлекет ішіндегі бір-біріне қарсы саяси топтардың арасындағы соғысты атайды.

Үй тапсырмасын қорыту сұрақтары:

Ресейде монархиялық билік қай жылы жойылды?

Патша билігіне халықтың қарсы

шығуының басты себептері неде деп ойлайсың?

Ақпан төңкерісі мен Қазан төңкерісінің айырмашылығы неде?

Қазақстан қай жылы жеке автономиялы мемлекет болып жарияланды?

Кеңестер Одағының тұсында Қазақстанның жағдайы қандай болды?

Жаңа сабақ. Жаңа сабақтың тақырыбы мен жоспарын тақтаға жазылады. Сабақтың мақсатымен оқушыларды таныстыру.

Тақырыптың жоспары:

1. Алашорда үкіметі;

2. Алаш қайраткерлері.

Жоспардың бірінші бөлімі бойынша «Алаш» сөзіне түсінік беру. «Алаш» – қазақ халқының балама атауы, қазақ сөзінің орнына қолданылатын көне ұғым. 1917 жылы Қазақстанда саяси партиялар құрылып жұмыстары жандана бастады. Солардың ішіндегі ең ауқымды да ірісі Алаш партиясы болды. Алаш партиясының алдына қойған негізгі мақсаты дербес, тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру, қазақ халқының салтдәстүрін, тілін, дінін дамыту, Қазақ елін әлемдегі өркениетті елдердің қатарына қосу, т.б. Алаш партиясының қатарында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, т.б. ұлттық зиялылар болды. 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында жалпықазақ съезі өтіп, онда Алашорда үкіметі құрылады. Төрағасы болып Ө. Бөкейханов сайланды. Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің баспасөз органы «Қазақ» газеті болды. Алашорда үкіметі Семей қаласында орналасты. Алашорда үкіметінің бағдарламасында мемлекетті басқару, білім беру, құқық, дін мәселелері басты орын алады. Алашорда үкіметі Кеңестер тарапынан қуғындалып таратылады.

Алашорда үкіметінің өз баспасөз орталығы – *«Қазақ»* газеті болды. Осы газетте Алашорда өзінің бағдарламасын жариялады. Бұл бағдарламада елді басқару, білім, құқық т.б. сияқты мемлекеттің өмір сүруіне қажетті мәселелер қарастырылды. Бірақ Алаш мемлекеті құрылған күнінен бастап Кеңес үкіметі тарапынан қарсылыққа ұшырады. 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысынан кейін жеңіске жеткен Кеңес үкіметі Алашорда үкіметін таратып, оның басшыларын қуғынға ұшыратты.

Алаш қайраткерлері. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі әрі публицист ғалым, аудармашы. Ол 1866 жылы бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-ауылында дүниеге келген.

Әкесі оны бала күнінде Қарқаралыға алып барып, медресеге оқуға берген. Ол онда оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепті оқып шығады. 1879-1886 жылдары Қарқаралыдағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды.

1886-1890 жылдары Омбыдағы техникалық училищеде оқып, «техник» мамандығын алып шығады. 1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқиды.

Студент болып жүрген кезіндеақ саяси талас-тартыстарға белсене араласып, ұлт-азаттық қозғалыстар-

ға қатысты. Сол кездің өзінде «саяси белсенділігі үшін» патша жандармериясының қара тізіміне іліккен.

Патша үкіметі билігі жылдарында қазақ елінің тәуелсіздік үшін күресін басқарды, сол үшін Павлодарда, Семейде бірнеше рет қамауда отырды. Кеңес үкіметін мойындамады. Қазақтың егеменді ел болуы үшін күресті, сол себептен 1937 жылы ату жазасына кесілген.

Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сарытүбек ауылында туған. Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы. Ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

Атасы Шошақ – мінезі салмақты, шындықты бетке айта білетін ақылды да беделді адам болған. Мырзалығы сондай, немересі Ахмет дүниеге келгенде, құтты болсын айтқан адамдарға бір ат, бір түйеден сүйінші беріпті.

Торғайда, Орынборда білім алғаннан кейін Ақтөбеде, Қостанайда, Қарқаралыда орыс-қазақ мектептерінде сабақ берген. 1909 жылы саяси белсенділігі үшін Семей түрмесіне жабылады. 1910 жылы Орынборға жер аударылады және сонда 1917 жылға дейін болады.

Өзінің сенімді достары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірге 1913 жылдан бастап ұлттық «Қазақ» газетін шығарып, оның жұмысына жетекшілік етті. Ресейде патша билігі құлағаннан кейін қазақ жерінде *Алашорда* үкіметін құру үшін бар күшін салды. Большевиктерді мойындамады, оларға қарсы шықты.

1921-1928 жылдары Қазақ халық ағарту институтында сабақ береді. 1929 жылы 2 маусымда Алаш қайраткерлерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, Ресейдің солтүстік облыстарына жер аударылады. Кейіннен босап шығып, бірақ 1937 жылы қайтадан қамауға алынып, атылған.

Жоспардың екінші бөлімі бойынша оқулықты пайдалана отырып төмендегі кестені толтыртамыз. Ә. Бөкейханов А. Байтұрсынов

Туған жылы

Туған жері

Білім алуы

Қызметі Қайтыс болған жылы

Азаттық аңсаған Алаш арыстары

Жаңа тақырыпты бекітуде тапсырма ойды аяқтау, дәптерге жазу.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...»

Екінші сөйлем. «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»

Үшінші сөйлем. «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...»

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

Үйге тапсырма: §31-32 және Алаш қозғалысы ғаламтор материалдары бойынша материалдар жинақтау.

Бағалау, анализ, кері байланыс.

**Марал Тулеугалиевна ДЖАНТУЛИНА,**
**А. Иманов атындағы жол-көлік колледжі директорының оқу жұмысы жөніндегі орнынбасары, тарих пәнінің оқытушысы.**
**Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.**

# Көнеден жеткен аспап

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды сан ғасырлық тарихы бар музыкалық аспаптармен таныстыру;

Өнерді, Отанды сүюге тәрбиелеу. Оқушылардың музыка сабағына деген ынтасын арттыру;

Бірлесе жұмыс жасау арқылы өзара сыйластыққа, топпен жұмыс жасауға үйрету, музыкалық-теориялық білімдерін қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:** оқушылар сан ғасырлық тарихы бар музыкалық аспаптармен танысады. Бірлесе жұмыс жасау арқылы өзара сыйластық ынтымақтастық ахуалы қалыптасады, оқу үрдісінде жаңа оқыту әдістерін меңгереді, музыкалық-теориялық білімі қалыптасады.

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, жаңа тәсілдер қолдану, диалог, топпен жұмыс, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, АКТ қолдану.

**Көрнекілігі:** презентация, күйтабақ, баян аспабы, тест парақшалары, суреттер, плакат, маркер, стикер.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.



**Топқа бөліну:** Домбыра, Қобыз. Шаңқобыз. Жетіген.

- Балалар, бүгінгі сабағымыз сайыс сабақ ретінде жүргізіледі, яғни 4 топ бір-бірімен өз білімдеріңді көрсету үшін сайысатын боласыңдар.

Әрбір топ жауаптары үшін ноталар арқылы бағаланып отырады.

𝅗𝅥 - 5

♩ - 4

♪ - 3



Төмен және жоғары ноталарды қайталаймыз.

«До, ре, ми, фа, соль – «Ө – нер – ді үй – рен, үй – рен де жи – рен»

«до-ре-ми-фа-сол-ля-си - «О – қу – бі – лім – бұ – ла – ғы, бі – лім – ө –мір – шы – ра – ғы»

Ой қозғау:

- Балалар өткен сабақтарымызда қандай жырауларымен таныс болдыңдар?

- Асан қайғы, Бұқар, Базар, Ақтан, Ақтамберді жырау.





- Жыраулар хан-сұлтандардың алдында қандай қызмет атқарған?

Жыраулар хан-сұлтандардың оң жағынан орын алып, оларға өсиет айтқан ақылгөй кеңесші болған. Олар сұлтандармен бірге ел билігіне араласқан. Жыраулар болашақты болжай алатын көреген болғандықтан, хан-сұлтандар жыраулар сөздеріне үнемі құлақ асып, кеңес құрған. Халықтың мұңын, елдің ауыр халін шынайы жеткізіп отырған. Жырау хан мен сұлтандардың кемшіліктері болса, ашық айтып, өткір жырларымен сынаған.

**II. Үй тапсырмасын қайталау. «Балық қаңқасы» әдісі арқылы қайталау.**

1) I топ – Асан қайғы жырау;

II топ – Бұқар жырау;

III топ – Базар жырау;

IV топ – Ақтамберді жырау.

2) Жыраулар ізімен өлең құрау.

3) «Суреттер сөйлейді».

Берілген суреттердегі қай жырау екендігін, қандай оқиға бейнеленгендігін табу.

4) Топтастыру: Жырау – ақылгөй кеңесші – болашақты болжай алатын көреген қолбасшы, батыр.

4) Ән орындау: Ә. Еспаевтың «Ұстазым менің, ұстазым» әні.

- Балалар бүгінгі сабағымызда көнеден жеткен  аспаптар жайлы сыр шертеміз.

Халқымыздың қандай көне аспаптарын білесіңдер?

- Домбыра, қобыз, шаңқобыз, жетіген,  т.б.

**III. Жаңа сабақ.**

1. «Джигсо» әдісі арқылы жаңа тақырыпты оқушылардың топпен өздеріне оқытып, түсінгендерін айтқызу.

I топ – Халқымыздың домбыра аспабы;

II топ – Түрікменнің дутар аспабы;

III топ – Әзербайжанның саз аспабы;

IV топ – Қырғыздың қомыз аспабы.

2. Музыка тыңдау: Домбыра, дутар, саз, қомыз аспаптарында орындалған әуендерден тыңдату, талдау.

3. Дәптермен жұмыс. Аспаптардың ортақ тұстарын табу.

4. Музыка сауаты:

Музыкалық аспаптар – адамның қатысуымен белгілі бір ырғақтағы және тұрақты жоғарылықтағы дыбыстарды шығарып, музыкалық шығармашылыққа мүмкіндік беретін аспаптар.

5. «Ойлан тап» суретте берілген композиторлардың есімдерін атап, қандай әндері бар екенін табу.

6. Ән  үйрену: А. Қоразбаевтың «Әугәй, домбыра» әні.

IV. Қорытындылау. Әр топқа тест парақшаларын тарату.

V. Бағалау. Әр топтың жинаған ноталары арқылы жеңімпаз топты анықтау.

Үйге тапсырма беру.

Рефлексия.

**Бахытжан Токкуловна АБИШЕВА,**
**«Bayterek 2050» жеке мектебінің музыка пәні мұғалімі.**
**Бостандық ауданы, Алматы қаласы.**